Осы өңірлерге арналған деректер Sentinel-2 спутнигінен (Becker et al., 2025) және ERA5-Land климаттық моделінен (Cui et al., 2025; Hersbach et al., 2023) алынды. Sentinel-2 суреттері жаз айларында (маусым–тамыз, 2021 ж.) жиналды, ал ERA5-Land деректері топырақ ылғалдылығының төрт қабатын (0–7 см, 7–28 см, 28–100 см және 100–289 см) қамтыды. Барлық спутниктік суреттер Google Earth Engine (GEE) платформасы арқылы Copernicus Sentinel деректерінен алынды (Copernicus Open Access Hub, 2025). Барлық деректер Google Earth Engine (GEE) платформасында өңделіп, кеңістіктік ажыратымдылығы 10 метр деңгейінде біріктірілді. Бақыланбайтын кластерлеу әдістері кеңістіктік деректерді құрылымдық түрде бөлуге және ұқсас қасиеттері бар аймақтарды анықтауға мүмкіндік береді (Bo et al., 2024). Топырақ тұздылығын сипаттау үшін Sentinel-2 спутнигінің көпарналы спектрлік деректері негізінде бірқатар индекстер қолданылды (Becker et al., 2025). Бұл индекстер көрінетін және инфрақызыл диапазондардағы шағылу қасиеттерін салыстыру арқылы есептеледі. Қолданылған негізгі индекстер мен олардың есептеу формулалары 1-кестеде көрсетілген.

Salinity indices	Spectral Functions	Reference
Normalized Differential Salinity Index	$NDSI = \frac{R - NIR}{R + NIR}$	(Khan <i>et al.</i> , 2005)
Brightness index	$BI = \sqrt{R^2 + NIR^2}$	(Khan <i>et al.</i> , 2005)
Salinity Index 1	$SI1 = \sqrt{B + R}$	(Douaoui <i>et al.</i> , 2006)
Salinity Index 2	$SI2 = \sqrt{G^2 + R^2 + NIR^2}$	(Douaoui <i>et al.</i> , 2006)
Salinity Index 3	$SI3 = \frac{SWIR - 1 \times SWIR - 2 \times SWIR - 2}{SWIR - 1}$	(Bannari <i>et al.</i> , 2008)
Salinity Index 4	$SI4 = \frac{R \times NIR}{G}$	(Abbas and Khan, 2007)
Salinity Index 5	$SI5 = \frac{G \times R}{r}$	(Bannari <i>et al.</i> , 2008)

Кесме 1. Қолданылған спектрлік индекстер және олардың есептеу формулалары.

1. Кестеде көрсетілген спектрлік индекстердің әрқайсысы топырақтың физикалық және химиялық қасиеттерін сипаттауда ерекше рөл атқарады. Сондықтан зерттеу барысында бұл индекстер жеке есептеліп, олардың мәндері тұздану деңгейін бағалаудың негізгі айнымалылары ретінде пайдаланылды. Төменде зерттеуде қолданылған негізгі индекстердің есептеу формулалары және олардың қолданылу ерекшеліктері келтірілген.

NDVI (Нормаланған айырмалы өсімдік индексі):

$$NDVI = \frac{NIR - R}{NIR + R} \quad (1)$$

мұндағы R – қызыл арна мәні (B4), NIR – жақын инфрақызыл арна (B8). Бұл индекс өсімдік жамылғысының белсенділігін сипаттайды және фотосинтез аймақтарын анықтауға мүмкіндік береді. $NDVI$ мәні жоғарылаған сайын өсімдіктердің өнімділігі мен топырақ ылғалдылығы жоғарырақ болады.

NDSI (Нормаланған айырмалы тұздылық индексі):

$$NDSI = \frac{R - NIR}{R + NIR} \quad (2)$$

мұндағы R – қызыл арнаның мәні (B4), NIR – жақын инфрақызыл арна (B8). Бұл индекс топырақтың тұздылық деңгейін бағалау үшін қолданылады.

NDWI (Нормаланған айырмалы су индексі):

$$NDWI = \frac{G - NIR}{G + NIR} \quad (3)$$

SI (Тұздылық индексі):

$$SI1 = \sqrt{B + R} \quad (4)$$

мұндағы B – көк арнаның мәні (B2), R – қызыл арнаның мәні (B4). Бұл индекс топырақтың тұздану деңгейін анықтау кезінде спектрлік шағылу қарқындылығын сипаттайды. SI мәні жоғарылаған сайын топырақ бетінің жарық шағылыстыру қабілеті артады, бұл көбіне тұз шөгінділерінің болуымен байланысты.

BI (Жарқындық индексі):

$$BI = \sqrt{R^2 + NIR^2} \quad (5)$$

мұндағы R – қызыл арнаның мәні (B4), NIR – жақын инфрақызыл арна (B8). Бұл индекс топырақ бетінің шағылу қарқындылығын сипаттайды және топырақтың физикалық күйін, оның ішінде тұз шөгінділері мен ылғалдылық деңгейін бағалауда қолданылады. BI мәні жоғары болған сайын, топырақ беті жарығырақ және құрғақ болып келеді.

SI2 (Тұздылық индексі 2):

$$SI2 = \sqrt{G^2 + R^2 + NIR^2} \quad (6)$$

мұндағы G – жасыл арнаның мәні (B3), R – қызыл арна (B4), NIR – жақын инфрақызыл арна (B8). Бұл индекс әртүрлі спектрлік арналардың комбинациясы арқылы топырақтың оптикалық және химиялық қасиеттерін сипаттайды. $SI2$ көрсеткіші тұзданған және тұзданбаған топырақтардың айырмашылығын анықтауға мүмкіндік береді.

SI3 (Тұздылық индексі 3):

$$SI3 = \frac{SWIR1 - (SWIR1 \cdot SWIR2)}{SWIR1} \quad (6)$$

мұндағы $SWIR1$ және $SWIR2$ – орта инфрақызыл диапазон арналарының мәндері (B11 және B12). Бұл индекс топырақтағы тұз мөлшерін бағалау үшін орта инфрақызыл диапазондағы шағылу қасиеттерін салыстырады. $SI3$ көрсеткіші тұз шөгінділерінің бар екендігін және олардың спектрлік айырмашылықтарын анықтауға мүмкіндік береді.

SI4 (Тұздылық индексі 4):

$$SI4 = \sqrt{R \cdot NIR} \quad (7)$$

мұндағы R – қызыл арнаның мәні (B4), NIR – жақын инфрақызыл арна (B8). Бұл индекс тұзданған топырақтың оптикалық белсенділігін анықтауға арналған. $SI4$ жоғары мәндері топырақтағы тұздың көптігін және шағылу қабілетінің артуын білдіреді.

SI5 (Тұздылық индексі 5):

$$SIS = \frac{R}{G \cdot \frac{R}{B}} \quad (8)$$

мұндағы R – қызыл арна (B4), G – жасыл арна (B3), B – көк арна (B2). Бұл индекс спектрлік арналар арасындағы қатынасты пайдалана отырып, топырақ бетінің шағылу қасиеттерін сипаттайды. SIS мәні жоғары болған сайын топырақтың тұздану дәрежесі артады және оның оптикалық белсенділігі күшейеді.

Зерттеудің бірінші кезеңі деректерді алдын ала өңдеуден тұрады. Бұл кезеңде бастапқы деректер одан әрі талдау үшін дайындалады, соның ішінде үлестірімнің асимметриясын жою және барлық мүмкіндіктерді бірыңғай шкалаға келтіру жүзеге асырылады. Біріншіден, логарифмдік түрлендіру қолданылады, ол шеткі мәндердің әсерін және үлестірімнің қисаюын азайтады. Әрі қарай деректер қалыпқа келтіріледі, сондықтан барлық көрсеткіштер $[0,1]$ диапазонында мәндерге ие болады. Бұл келесі машиналық оқыту алгоритмдерінің конвергенциясын жақсартады және әрбір айнымалының модельге біркелкі әсер етуін қамтамасыз етеді.

Алынған шамаларды қалыпқа келтіру Min–Max нормализациясы формуласы арқылы жүзеге асырылады:

$$X_{ij}^{norm} = \frac{X'_{ij} - \min(X')}{\max(X') - \min(X')} \quad (9)$$

мұндағы X'_{ij} — логарифмдік түрлендіруден кейін алынған белгілер матрицасы, ал X_{ij}^{norm} — қалыпқа келтірілген белгілер матрицасы, мұндағы мәндер $[0;1]$ диапазонына келтірілген.

Логарифмдік түрлендіру формуласы:

$$X'_{ij} = \log(1 + X_{ij}) \quad (10)$$

мұндағы X_{ij} — i -объектінің j -белгісінің бастапқы мәні, мұнда $X \in \mathbb{R}^n \times d$; X'_{ij} — логарифмдік түрлендіруден кейін алынған түрлендірілген мән, $X' \in \mathbb{R}^n \times d$.

Бұл кезеңде топырақтың тұзданған (Saline) және тұзданбаған (Non_saline) үлгілерінің айырмашылығын анықтау үшін екі әдіс қолданылды: Стьюденттің t -тесті және Cohen's d әсер шамасы. t -тест топтардың орташа мәндері арасындағы айырмашылықтың статистикалық мәнділігін анықтайды, ал Cohen's d айырмашылықтың әсер шамасын бағалауға мүмкіндік береді.

Стьюденттің t -тесті екі тәуелсіз топтың орташа мәндерінің айырмашылығы статистикалық тұрғыдан маңызды ма, соны тексеру үшін қолданылады. Біздің жағдайда — тұзданған және тұзданбаған топырақтар арасындағы айырмашылық:

$$t = \frac{\bar{X}_1 - \bar{X}_2}{\sqrt{\frac{s_1^2}{n_1} + \frac{s_2^2}{n_2}}} \quad (11)$$

мұндағы $\bar{X}_1, \bar{X}_2$ — топтардың орташа мәндері, s_1^2, s_2^2 — дисперсия, n_1, n_2 —

бақылаулар саны.

Топырақтың тұзданған (Saline) және тұзданбаған (Non_saline) үлгілері арасындағы айырмашылықты бағалау үшін Cohen's d әсер шамасы қолданылды. Бұл метрика екі топтың белгілер мәндерінің айырмашылығының күшін (яғни, әсер шамасын) бағалауға мүмкіндік береді. Cohen's d төмендегі формула арқылы есептеледі:

$$d = \frac{X_1 - X_2}{s_p} \quad (12)$$

мұндағы X_1 — Saline тобының орташа мәні, X_2 — Non_saline тобының орташа мәні, ал s_p — біріктірілген стандартты ауытқу (pooled standard deviation).

$$s_p = \sqrt{\frac{(n_1 - 1)s_1^2 + (n_2 - 1)s_2^2}{n_1 + n_2 - 2}} \quad (13)$$

мұндағы s_1^2 және s_2^2 — дисперсия мәндері, ал n_1 және n_2 — бақылаулар саны.

Cohen's d деректердің өлшем бірлігіне тәуелді емес және әртүрлі өлшем бірліктері бар параметрлер арасындағы айырмашылықтарды салыстыруға мүмкіндік береді. Cohen's d формуласы келесідей өрнектеледі:

$$d = \frac{\overline{X_{saline}} - \overline{X_{non\ saline}}}{s_p} \quad (14)$$

мұндағы d — топтар арасындағы әсер шамасы, $\overline{X_{saline}}$ және $\overline{X_{non\ saline}}$ — сәйкесінше тұзданған және тұзданбаған топтардың орташа мәндері, ал s_p — біріктірілген стандартты ауытқу.

Келесі кезеңде Белгілер мен мақсатты айнымалы (Y) арасындағы байланыстарды анықтау үшін Пирсон корреляция коэффициенті қолданылды:

$$\rho(X, Y) = \frac{Cov(X, Y)}{\sigma_X \cdot \sigma_Y} \quad (15)$$

мұндағы: $Cov(X, Y)$ — X пен Y арасындағы ковариация, σ_X , σ_Y — айнымалыларының стандартты ауытқулары.

Келесі кезеңде белгілер мен мақсатты айнымалы (Y) арасындағы байланыстарды анықтау үшін XGBoost алгоритмі қолданылды. Бұл әдіс градиенттік бустингке негізделген және модельдің әрбір белгіге (feature) қаншалықты тәуелді екенін бағалауға мүмкіндік береді:

$$L(y, \hat{y}) = \frac{1}{N \sum_{i=1}^N (y_i - \hat{y}_i)^2} \quad (16)$$

мұндағы y_i — мақсатты айнымалының нақты мәні, $\hat{y}_i$ — модельмен болжанған мән, ал N — бақылаулар саны.

XGBoost белгілердің маңыздылығын әрбір белгінің шығын функциясын (loss function) жақсартуға қосқан үлесі ретінде есептейді:

$$I(f_j) = \sum_{t=1}^T \Delta L_t(f_j) \quad (17)$$

мұндағы T — ағаштардың жалпы саны, $\Delta L_t(f_j)$ — t -ағашындағы f_j белгісі бойынша бөліну кезінде шығын функциясының төмендеуі.

Келесі кезеңде негізгі компоненттерді талдау (PCA) әдісі бастапқы белгілер кеңістігін өлшемділікті жоғалтпай жаңа ортогональды кеңістікке түрлендіру үшін қолданылады. Белгілер жиыны X үшін PCA келесі сызықтық түрлендіруді орындайды:

$$Z = X \cdot W \quad (18)$$

мұндағы $X \in \mathbb{R}^n \times d$ — бастапқы деректер матрицасы (N — бақылаулар саны, d — белгілер саны), $W \in \mathbb{R}^d \times d$ — ковариация матрицасының меншікті векторларының матрицасы (Σ_x), $Z \in \mathbb{R}^n \times d$ — түрлендірілген белгілер матрицасы.

Әрбір негізгі компонент PC_k дисперсияның үлесін λ_k арқылы сипаттайды, мұндағы λ_k — k -меншікті векторға сәйкес меншікті мән:

$$EVR = \frac{\lambda_k}{\sum_{j=1}^d \lambda_j} \quad (19)$$

мұндағы λ_k — k -компоненттің меншікті мәні, d — жалпы компоненттер саны.

Бұл кезеңде модельді оқыту үшін XGBoost алгоритмі қолданылады. Модель түрлендірілген белгілер кеңістігі Z негізінде топырақтың тұздану ықтималдығын ($\hat{y}$) болжауға үйретіледі:

$$\hat{y} = XGB(Z) \quad (20)$$

Модельді оқыту квадратикалық қателікті минимизациялауға негізделеді:

$$L(\hat{y}, y) = \frac{1}{N} \sum_{i=1}^N (y_i - \hat{y}_i)^2 \quad (21)$$

мұндағы y — нормаланған мақсатты айнымалы, $\hat{y}$ — тұздану ықтималдығының болжанған мәні, N — бақылаулар саны.

Бұл кезеңде модельдің дәлдігін бағалау үшін келесі метрикалар қолданылады:

$$MSE = \frac{1}{N} \sum_{i=1}^N (y_i - \hat{y}_i)^2 \quad (22)$$

Детерминация коэффициенті (R^2):

$$R^2 = 1 - \frac{\sum_{i=1}^N (y_i - \hat{y}_i)^2}{\sum_{i=1}^N (y_i - \bar{y})^2} \quad (23)$$

мұндағы $\bar{y}$ — y айнымалысының орташа мәні.

Қорытынды кезеңде тұздану ықтималдығын болжау үшін көпқадамды модель қолданылады. Модельдің жалпы құрылымы келесідей өрнектеледі:


$$\hat{y} = XGB \left(PCA \left(\ln(1 + MinMax(X)) \right) \right) \quad (24)$$

Мұндағы X — бастапқы спектралдық және гидрологиялық белгілер жиыны, $MinMax(X)$ — белгілердің нормаланған мәндері, $\ln(1 + MinMax(X))$ — нормаланған белгілердің логарифмдік түрлендіруі, PCA — негізгі компоненттер әдісі (Principal Component Analysis) арқылы жаңа кеңістікке түрлендіру, ал XGB — тұздану ықтималдығын ($\hat{y}$) болжауға арналған градиенттік бустинг моделі.

Зерттеуде Sentinel-2 мультиспектрлік суреттері мен ERA5-Land климаттық деректері пайдаланылды. Зерттеу объектісі ретінде тұздылық деңгейі әртүрлі үш аймақ таңдалды: Арал теңізінің бұрынғы табаны, Бозайғыр ауылы және құмды бақылау аймағы. Алынған деректер алдын ала логарифмдік түрлендіру және Min-Max нормализация әдістері арқылы өңделді. Кейін PCA әдісі өлшемділікті азайту үшін, ал XGBoost моделі тұздану ықтималдығын болжау үшін қолданылды. Есептеулер Python тілінде TensorFlow, XGBoost және Scikit-learn кітапханалары көмегімен жүргізілді. Модельдің тиімділігі MSE және R^2 метрикалары бойынша бағаланды.


Нәтижелер және талқылау.

Ұсынылған әдіс топырақтың тұздануын болжау мен кеңістіктік жіктеуде жоғары тиімділікті көрсетті. Модель Sentinel-2 мультиспектрлік суреттері мен ERA5-Land климаттық деректерін біріктіріп, топырақтың спектралдық және гидрологиялық қасиеттерін кешенді түрде талдауға мүмкіндік берді. MSI сенсорының 10 метрлік ажыратымдылығы бар B2–B12 диапазондары өсімдік жамылғысы мен ылғалдылық көрсеткіштерін дәл сипаттады. Алынған SI1–SI5, NDVI, NDWI, NDSI және BI индекстері тұздану деңгейін анықтауда маңызды рөл атқарды. Алынған мәліметтерді терең талдау үшін K-Means кластерлеу әдісі қолданылып, топырақ үлгілері екі негізгі топқа — тұзданған (saline) және тұзданбаған (non_saline) кластерлерге бөлінді. 1-суретте K-Means алгоритмі арқылы анықталған кластерлер бойынша тұзданған және тұзданбаған топырақтардың таралуын көрсететін жылу картасы (heatmap) ұсынылған. Картада әрбір ұяшық белгілі бір кластерге жататын пиксельдердің санын бейнелейді. Нәтижелерге сәйкес, кластер 0 негізінен тұзданған топырақтарға, ал кластер 1 тұзданбаған топырақтарға сәйкес келеді. Кестеде көрсетілгендей, кластер 0 құрамында 2 405 794 тұзданған пиксель және 49 тұзданбаған пиксель бар, ал кластер 1 құрамында 40 552 тұзданбаған және 56 тұзданған пиксель кездеседі. Бұл нәтиже K-Means алгоритмінің тұздану дәрежесін ажыратуда жоғары дәлдікке ие екенін және екі кластердің нақты шекарамен бөлінетінін дәлелдейді.



Сур. 1. K-Means кластерлеу нәтижесінде алынған тұзданған және тұзданбаған топырақтардың таралу картасы.

Көрсетілгендей, тұзданған және тұзданбаған топырақтар нақты екі кластерге бөлінеді, бұл олардың спектралдық және гидрологиялық айырмашылықтарын дәлелдейді. Келесі кезеңде PCA (Principal Component Analysis) әдісі қолданылып, алынған деректер екі басты компонент (PC1 және PC2) бойынша визуализацияланды, бұл Sentinel-2 MSI суреттері арқылы тұздану деңгейін бағалаудың тиімділігін көрсетті (Tashpolat & Reheman, 2025). 2-суретте PCA (Principal Component Analysis) әдісі қолданылып, алынған деректер екі басты компонент (PC1 және PC2) бойынша визуализацияланды. Бұл әдіс жоғары өлшемді деректердің құрылымын екі өлшемде көрсетуге және олардың ішкі байланыстарын түсінуге мүмкіндік береді. 2-суретте PCA нәтижелерінің негізінде K-Means кластерлеу алгоритмі арқылы бөлінген топырақ үлгілерінің таралуы көрсетілген. Ось X бірінші басты компонентті (PC1), ал ось Y екінші басты компонентті (PC2) білдіреді. Нүктелердің түсі кластер нөміріне (0 және 1), ал маркерлердің пішіні нақты топырақ түріне (Saline және Non_saline) сәйкес келеді.




Сур. 2. PCA нәтижелері негізінде алынған K-Means кластерлерінің визуализациясы.

Графиктен байқағандай, тұзданбаған (Non_saline) топырақтар




диаграмманың сол жағында, ал тұзданған (Saline) топырақтар оң жағында орналасқан, бұл олардың спектралдық және гидрологиялық айырмашылықтарының айқын екенін дәлелдейді. Сонымен қатар, тұзданған топырақ үлгілерінің таралуы анағұрлым кең, бұл олардың спектралдық көрсеткіштер мен ылғалдылық бойынша жоғары өзгергіштігін көрсетеді. Осылайша, PCA және K-Means әдістерін біріктіру топырақ типтерінің табиғи айырмашылықтарын тиімді анықтауға мүмкіндік береді.

3-суретте тұзданған (Saline) және тұзданбаған (Non_saline) топырақ үлгілерінің айырмашылығын көрсету үшін t-тест нәтижелерінің нормаланған мәндері берілген. Диаграмма екі топтың спектралдық және гидрологиялық параметрлері бойынша статистикалық айырмашылығын көрсетеді. Графиктен байқалғандай, B1–B12, SI1–SI5, BI, NDWI және NDSI индекстері оң t-мәндерге ие, яғни олардың мәні тұзданған топырақтарда жоғары. Ал VSWL1–VSWL4, NDVI және SI3 индекстері теріс мәнге ие, бұл олардың тұзданбаған топырақтарда жоғары екенін білдіреді. Бұл айырмашылықтар топырақтың физикалық және химиялық қасиеттерінің айқын ерекшеліктерін дәлелдейді.



Сур. 3. Тұзданған (Saline) және тұзданбаған (Non_saline) топырақ үлгілерінің салыстырмалы t-мәндері.

4-суретте тұзданған (Saline) және тұзданбаған (Non_saline) топырақ үлгілерінің арасындағы айырмашылықтарды сипаттайтын Cohen's d мәндерінің нормаланған диаграммасы көрсетілген. Бұл көрсеткіш екі топ арасындағы айырмашылықтың шамасын анықтауға мүмкіндік береді. B1–B12, SI1–SI5, BI, NDWI және NDSI параметрлері оң мәндерге ие болып, тұзданған топырақтарда жоғары екенін көрсетеді, ал VSWL1–VSWL4, NDVI және SI3 теріс мәндерге ие, бұл олардың тұзданбаған топырақтарда жоғары екенін білдіреді. Осылайша, Cohen's d әдісі топырақтардың физикалық және спектралдық қасиеттері арасындағы айқын айырмашылықтарды сандық тұрғыдан дәлелдейді.




Сур. 4. Тұзданған (Saline) және тұзданбаған (Non_saline) топырақ үлгілерінің салыстырмалы Cohen's d мәндері

4-суретте көрсетілгендей, тұзданған және тұзданбаған топырақтардың арасындағы айырмашылықтар айқын көрінеді. Көрсетілгендей, тұзданған топырақтарда спектралдық индекстердің мәндері жоғары, ал тұзданбаған топырақтарда ылғалдылық және өсімдік индексі (NDVI) жоғары. Бұл нәтижелер Cohen's d әдісінің топырақтардың физикалық және спектралдық қасиеттеріндегі айырмашылықтарды тиімді анықтай алатынын дәлелдейді.

Алынған статистикалық талдау нәтижелері топырақ тұздылығының негізгі белгілерін анықтауға мүмкіндік берді. Келесі кезеңде осы белгілер XGBoost моделі арқылы тұздылық деңгейін болжау үшін пайдаланылды.

5-суретте XGBoost моделінің нақты (Actual) және болжамды (Predicted) тұздылық деңгейлері арасындағы тәуелділік көрсетілген. График нүктелер түрінде модельдің болжау нәтижелерін және қызыл пунктир сызықпен идеалды сәйкестік сызығын бейнелейді. Көрсетілгендей, нүктелердің басым бөлігі бұл сызыққа жақын орналасқан, бұл XGBoost моделінің жоғары дәлдікпен жұмыс істейтінін дәлелдейді. Дегенмен, төмен және жоғары диапазондарда аздаған ауытқулар байқалады, бұл модельдің шеткі мәндерде қателігі бар екенін көрсетеді. Жалпы алғанда, XGBoost моделі тұздылық деңгейін болжауда жоғары тиімділікті көрсетті.

XGBoost моделінің нақты (Actual) және болжамды (Predicted) тұздылық деңгейлері арасындағы тәуелділік көрсетілген. Бұл график модель болжаған мәндер мен нақты мәндердің өзара сәйкестігін нүктелер түрінде бейнелейді және қызыл пунктир сызық идеалды сәйкестікті білдіреді. Көрсетілгендей, нүктелердің басым бөлігі бұл сызыққа жақын орналасқан, бұл XGBoost моделінің жоғары дәлдікпен жұмыс істейтінін дәлелдейді.




Сур. 5. XGBoost моделінің нақты және болжамды тұздылық деңгейлерін салыстыру диаграммасы.

Алайда төмен және жоғары диапазондарда аздаған ауытқулар байқалады, бұл модельдің шеткі мәндерде қателігі бар екенін көрсетеді. Орташа квадраттық қателік (MSE) мәні 0.0123 құрап, қанағаттанарлық нәтижені көрсетті, ал детерминация коэффициенті (R^2) болжау дәлдігінің жоғары екенін растады. Бұл нәтижелер XGBoost моделінің регрессиялық есептерді тиімді шешуге қабілетті екенін дәлелдейді. Дегенмен, модель PCA немесе логарифмдік түрлендіру сияқты қосымша өңдеу әдістерін пайдаланбағандықтан, оның жетілдіру әлеуеті сақталады. Жалпы алғанда, XGBoost әдісі маңызды белгілерді анықтауда жоғары тиімділік танытты және болжау дәлдігін одан әрі арттыру күрделірек гибридік тәсілдерді қолдану арқылы мүмкін екенін көрсетті.

6-суретте гибридік модельдің нәтижелері көрсетілген. Бұл модель XGBoost алгоритмін логарифмдік түрлендіру, корреляциялық талдау және басты компоненттер әдісі (PCA) сияқты алдын ала өңдеу тәсілдерімен біріктіру арқылы жетілдірілді. Мұндай тәсіл базалық XGBoost моделінің шектеулерін жою және болжау дәлдігін арттыру мақсатында әзірленді. Графикте болжамды (Predicted) және нақты (Actual) тұздылық деңгейлері арасындағы тәуелділік бейнеленген. Көрсетілгендей, нүктелердің басым бөлігі идеалды сәйкестік сызығына (қызыл пунктир) өте жақын орналасқан, бұл гибридік модельдің жоғары дәлдікпен жұмыс істейтінін дәлелдейді. Алынған нәтижелер MSE мәнінің айтарлықтай төмендегенін және R^2 көрсеткішінің жақсарғанын көрсетті, бұл модельдің топырақ тұздылығын болжаудағы тиімділігін растайды.

Көрсетілгендей, графикте болжау нәтижелері (Predicted) мен нақты тұздылық мәндері (Actual) арасындағы тәуелділік бейнеленген. Болжау нүктелері базалық XGBoost моделіне қарағанда идеалды сәйкестік сызығына (қызыл пунктир) айтарлықтай жақын орналасқан, бұл гибридік модельдің жоғары дәлдігін көрсетеді. Гибридік модель үшін орташа квадраттық қате (MSE) 0.0091 мәнін құрады, бұл XGBoost моделіне қарағанда шамамен 26%-ға төмен. .




Сур. 6. Гибридті модельдің нақты және болжамды тұздылық деңгейлерін салыстыру диаграммасы.

Сонымен қатар, детерминация коэффициенті (R^2) жақсарып, модельдің деректер дисперсиясының басым бөлігін сәтті түсіндіретінін растады. Гибридті модельдің ерекшелігі – басты компоненттер әдісін (PCA) пайдалану, ол бастапқы белгілерді жаңа кеңістікке түрлендіріп, олардың толық өлшемділігін сақтауға мүмкіндік берді. Бұл тәсіл деректердің интерпретациясын жақсартты және модельге белгілер арасындағы тәуелділіктерді неғұрлым тиімді анықтауға мүмкіндік берді. Бұдан бөлек, логарифмдік түрлендіру шеткі мәндердің әсерін азайтып, болжау сапасын арттырды. Графиктен шеткі диапазондардағы ауытқулардың азайғаны және нүктелердің басым көпшілігінің идеалды сәйкестік сызығы бойында шоғырланғаны анық байқалады.

7-суретте гибридті және XGBoost модельдерінің абсолюттік қателіктерінің салыстырмалы графигі көрсетілген. Графиктен көрініп тұрғандай, гибридті модельде қателік мәндері біршама төмен және біркелкі таралған, ал XGBoost моделінде жоғары амплитудалы тербелістер мен шеткі мәндер жиірек кездеседі. Бұл гибридті тәсілдің болжам тұрақтылығын арттырып, модельдің жалпы өнімділігін жақсартқанын көрсетеді. Voxplot диаграммалары да гибридті модельде орташа және медианалық қателіктердің аз екенін айқын көрсетеді. Бұл нәтиже гибридті тәсілдің шулы және өзгермелі деректермен жұмыс істеуде анағұрлым тиімді екенін дәлелдейді.

Көрсетілгендей, гибридті және XGBoost модельдерінің қателіктерін салыстыру нәтижелері гибридті тәсілдің айқын артықшылығын көрсетті. Гибридті модельдің орташа абсолюттік және квадраттық қателік мәндері төмен болып, болжам дәлдігі мен тұрақтылығын арттырды. Бұл нәтижелер модельдің шулы және күрделі деректермен тиімді жұмыс істей алатынын дәлелдейді. Осылайша, жүргізілген талдау нәтижелері ұсынылған гибридті модельдің топырақтың тұздану деңгейін болжауда жоғары дәлдік пен тұрақтылыққа ие екенін көрсетті. Осылайша, жүргізілген талдау нәтижелері ұсынылған гибридті модельдің топырақтың тұздану деңгейін болжауда жоғары дәлдік пен тұрақтылыққа ие екенін көрсетті.



Сур. 7. Гибридті және XGBoost модельдерінің абсолюттік қателіктерінің салыстырмалы графигі.

Гибридті тәсіл спектралдық және гидрологиялық деректерді біріктіре отырып, дәстүрлі XGBoost моделіне қарағанда болжам сапасын айтарлықтай жақсартты. Нәтижелер MAE және RMSE қателерінің төмен мәндерімен, ал R^2 көрсеткішінің жоғары болуымен расталды. Сонымен қатар, PCA және корреляциялық талдау сияқты алдын ала өңдеу әдістерін қолдану модельдің бейімделу қабілетін арттырып, тұзданған және тұзданбаған топырақтар арасындағы айырмашылықты неғұрлым дәл сипаттауға мүмкіндік берді. Жалпы алғанда, ұсынылған модель кеңістіктік жіктеу және тұздылықты сандық бағалау міндеттерін шешуде тиімді және перспективалы құрал болып табылады.

Қорытынды

Зерттеу барысында Sentinel-2 спутниктік мультиспектрлік деректері мен ERA5-Land гидрологиялық параметрлерін біріктіру арқылы топырақтың тұздылығын кешенді бағалау жүргізілді (Zhao et al., 2024; Hershbach et al., 2023). Бұл тәсіл тұзданған (Saline) және тұзданбаған (Non_saline) топырақтардың айырмашылықтарын сипаттайтын негізгі заңдылықтарды анықтауға мүмкіндік берді (Jiang et al., 2025). t-тест пен Cohen's d әсер шамасы арқылы жүргізілген статистикалық талдау спектралдық индекстердің (NDSI, SI4, BI) және топырақ ылғалдылығының параметрлерінің (VSWL1–VSWL4) топырақ тұздылығын анықтайтын негізгі факторлар екенін көрсетті (Cohen, 1988). Тұзданған топырақтарда спектралдық индекстердің жоғары мәндері және ылғалдың төмен деңгейі байқалса, тұзданбаған топырақтарда керісінше NDVI мәні жоғары және ылғалдылығы жақсы болды (Cui et al., 2025).

Басты компоненттер әдісін (PCA) қолдану деректердің өзгергіштігін сипаттайтын екі негізгі бағытты анықтауға мүмкіндік берді (Jolliffe & Cadima, 2016; Tashpolat & Reheman, 2025): гидрологиялық және спектралдық. Бұл тәсіл K-Means кластерлеу әдісі арқылы екі топты (тұзданған және тұзданбаған)

98%-дан астам дәлдікпен ажыратуға мүмкіндік берді (Becker et al., 2025). Келесі кезеңде XGBoost алгоритміне негізделген гибриді модель әзірленіп, логарифмдік түрлендіру, корреляциялық талдау және PCA сияқты алдын ала өңдеу әдістері қолданылды (Chen & Guestrin, 2016; Wang & Xu, 2023). Бұл модель базалық нұсқамен салыстырғанда орташа квадраттық қателікті (MSE) 26%-ға төмендетіп, тұздылықтың шеткі мәндерін болжаудағы дәлдігін арттырды.

Гидрологиялық параметрлер мен спектралдық көрсеткіштерді біріктіру модельдің дәлдігін және интерпретациясын жақсартты (Gao & Xu, 2025), ал тұздылық пен ылғалдылық арасындағы күрделі тәуелділіктерді анықтауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, модельге енгізілген бұлдыр логика (fuzzy logic) тұздылық деңгейлерінің шекараларын икемді түрде анықтауға жағдай жасап, оны аймақтық айырмашылықтарға бейімдеді (Li et al., 2022).

Осылайша, ұсынылған гибриді тәсіл топырақ тұздылығын бақылау мен болжауда тиімділігін дәлелдеді. Ол жоғары дәлдікпен автоматты классификация жүргізіп, шулы деректермен де тұрақты жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Ұсынылған әдіс экологиялық мониторинг, жер ресурстарын басқару және агроэкологиялық зерттеулер салаларында қолдануға болатын әмбебап құрал ретінде ерекшеленеді (Luo et al., 2025).

REFERENCES

- Becker, S.J., Maloney, M.C., Griffin, A.W., Lasko, K. & Sussman, H.S. (2025). Bare ground classification using a spectral index ensemble and machine learning models optimized across 12 international study sites // *Geocarto International*. — 2025. — Vol. 40. — No. 1. — Article 2465452. DOI: 10.1080/10106049.2023.2465452.
- Bo, Q., Lv, P., Wang, Z., Wang, Q., & Li, Z. (2024). Prediction of the post-mining land use based on random forest and DBSCAN // *PLoS ONE*. — 2024. — Vol. 19. — No. 1. — Article e0287079. DOI: 10.1371/journal.pone.0287079.
- Chen, T., & Guestrin, C. (2016). XGBoost: A scalable tree boosting system // *Proceedings of the 22nd ACM SIGKDD International Conference on Knowledge Discovery and Data Mining*. — 2016. — Pp. 785–794. DOI: 10.1145/2939672.2939785.
- Cohen, J. (1988). *Statistical power analysis for the behavioral sciences* (2nd ed.). — Lawrence Erlbaum Associates.
- Copernicus Open Access Hub. (2025). Sentinel-2 User Guide // European Space Agency (ESA). — 2025. — URL: <https://sentiwiki.esa.int/sentinel-2>.
- Cui, G., Liu, Y., Li, X., Wang, S., Qu, X., Wang, L., & Zhang, W. (2025). Impacts of groundwater storage variability on soil salinization in a semi-arid agricultural plain // *Geoderma*. — 2025. — Vol. 454. — Article 117162.
- Gao, L., & Xu, E. (2025). Mapping cropland soil salinity using multi-cycle classification to mitigate retrieval errors // *Computers and Electronics in Agriculture*. — 2025. — Vol. 231. — Article 110055. DOI: 10.1016/j.compag.2024.110055.
- Hersbach, H., Bell, B., Berrisford, P., et al. (2023). ERA5-Land hourly data from 1950 to present // Copernicus Climate Change Service (C3S) Climate Data Store (CDS). — 2023. — DOI: 10.24381/cds.e2161bac.
- Jiang, Z., Ding, J., Li, Z., & Liu, J. (2025). Present knowledge and future challenges in remote sensing for soil salinization monitoring: A review of bibliometric analysis // *International Journal of Remote Sensing*. — 2025. — Vol. 46. — No. 1. — Pp. 247–272. DOI: 10.1080/01431161.2024.2412804.
- Jolliffe, I.T., & Cadima, J. (2016). Principal component analysis: A review and recent developments // *Philosophical Transactions of the Royal Society A*. — 2016. — Vol. 374. — No. 2065. — Article 20150202. DOI: 10.1098/rsta.2015.0202.
- Li, H., Zhang, J., & Ren, S. (2022). Fuzzy logic approach for soil salinity classification using remote sensing data // *Catena*. — 2022. — Vol. 210. — Article 105933. DOI: 10.1016/j.catena.2021.105933.
- Luo, Z., Deng, M., Tang, M., Liu, R., Feng, S., Zhang, C., & Zheng, Z. (2025). Estimating soil profile salinity



under vegetation cover based on UAV multi-source remote sensing // Scientific Reports. — 2025. — Vol. 15. — No. 1. — Article 2713. DOI: 10.1038/s41598-024-40157-9.

Tashpolat, N., & Rehemat, A. (2025). Monitoring of soil salinity in the Weiku Oasis based on feature space models derived from Sentinel-2 MSI images // Land. — 2025. — Vol. 14. — No. 2. — Article 251. DOI: 10.3390/land14020251.

Wang, S., & Xu, D. (2023). Hybrid models integrating PCA and XGBoost for soil salinity prediction // Environmental Science and Pollution Research. — 2023. — Vol. 30. — No. 6. — Pp. 15012–15026.

Zhao, F., Liu, Y., & Zhang, C. (2024). Multi-source data fusion for soil salinity assessment using ERA5 and Sentinel-2 datasets // Remote Sensing Applications: Society and Environment. — 2024. — Vol. 34. — Article 101102.



**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ
КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖУРНАЛЫ**

**МЕЖДУНАРОДНЫЙ ЖУРНАЛ ИНФОРМАЦИОННЫХ И
КОММУНИКАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ**

**INTERNATIONAL JOURNAL OF INFORMATION AND
COMMUNICATION TECHNOLOGIES**

Правила оформления статьи для публикации в журнале на сайте:

<https://journal.iitu.edu.kz>

ISSN 2708–2032 (print)

ISSN 2708–2040 (online)

Собственник: АО «Международный университет
информационных технологий» (Казахстан, Алматы)

ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР
Мрзабаева Раушан Жалиқызы

НАУЧНЫЙ РЕДАКТОР
Ермакова Вера Александровна

ТЕХНИЧЕСКИЙ РЕДАКТОР
Рашидинов Дамир Рашидинович

КОМПЬЮТЕРНАЯ ВЕРСТКА
Асанова Жадыра

Подписано в печать 15.12.2025.

Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать - ризограф. 9,0 п.л. Тираж 100
050040 г. Алматы, ул. Манаса 34/1, каб. 709, тел: +7 (727) 244-51-09).

Издание Международного университета информационных технологий
Издательский центр КБТУ, Алматы, ул. Толе би, 59